

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 56 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 496 - қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін
«Бейімделген дene шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
ұлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі -ТҚАБ) білім алушылардың жасқа сай және жеке дара қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ескере отырып, дene және психикалық денсаулығын күшетуге деген талпынысын арттыру.

3. Бағдарламаның жалпы білім беру міндеттері қимыл біліктері мен жалпы қозғалыс мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру үшін дұрыс негіз құруды көздейді.

4. Бағдарламаның түзету міндеттері:

1) жүру, дene сымбаты бұзылыстарын, аяқ-қолдың дұрыс емес қимылдарын түзету, тепе-тендікті қалыптастыру;

2) қол қызметі мен заттық-манипуляциялық қызметті, көру-моторлық үйлесімділікті дамыту;

3) дұрыс емес дene қалпы мен кейпін тежеу және жену;

4) тұрақтандыру, қозғалыс аясындағы екіншілік бұзылыстарды түзету, олардың үдеу ықтималдығының алдын алу;

5) денсаулықты нығайту және жұмыс қабілетін арттыру;

6) психомоторика бұзылыстарын түзету және компенсациялау (жабық кеңістіктен, биіктіктен қорқуды, қимыл үйлесімділігінің бұзылысын, өзін-өзі асыра немесе кеміте бағалауды жену).

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

5. ТҚАБ бар білім алушылардың категориясына байланысты, олардың бейімделген дene тәрбиесі:

1) нозология бойынша; жасы бойынша, бұзылыстың ауырлық дәрежесі мен құрылымы;

2) оның пайда болу мерзімі бойынша (туылғанда, өмір сүру барысында);

3) аурудың себептері мен ағымының сипаты бойынша, медициналық болжамы, ілеспелі дерпттердің және екіншілік бұзылыстардың болуы;

4) сақталған қызметтердің жағдайы бойынша ерекшеліктерге ие болады.

6. Тірек-қозғалыс аппараты қызметінің бұзылыстары туда біткен, сондай-ақ жүре пайда болған сипатта болуы ықтимал. Тірек-қозғалыс аппараты патологиясының келесі түрлері байқалады:

1) жүйке жүйесінің аурулары (балалардың церебралдық салы (бұдан әрі - БЦС), полиомиелит;

2) тірек-қозғалыс аппаратының туда біткен патологиясы (туда біткен жамбас буынының шығуы, қисық мойын, табан деформациялары, омыртқа жотасының даму ақаулары, аяқ-қолдың жетілмегендігі мен даму кемістіктері, қол саусақтарының даму ақаулары);

3) тірек-қозғалыс аппаратының жүре пайда болған аурулары мен зақымданулары (жұлынның, мидың және аяқ-қолдың жарақаттық зақымдары, полиартрит, қаңқа дерпттері (туберкулез, сүйек өспелері, остеомиелит), қаңқаның жүйелік аурулары (хондродистрофия, рахит).

7. Тірек-қозғалыс аппаратының туда біткен және ерте жаста жүре пайда болған аурулары мен зақымдануларының алуан түрлілігіне қарамастан, мұндай білім алушылардың басым бөлігіндегі ұқсас жағдайлар байқалады, клиникалық көрінісінде қимыл-қозғалыс ақаулары басты орын алады (қимыл-қозғалыс қызметінің қалыптасуының тежелуі, жетілмеуі, бұзылуы немесе жоғалуы).

8. Арнайы жаттығулар мен ойындар білім алушыларға дene және психикалық даму кемістіктерінің орнын толтыруға, қимыл-қозғалыс қасиеттерін дамытуға, олардың дene және психоэмоционалдық күйін жақсартуға көмектеседі.

9. ТҚАБ білім алушыларға сабак беру мен оқытудың келесі стратегиялары пайдаланылады:

1) әр білім алушының пікірін тындау және бар білімі, білігі және дағдыларын дамыту мақсатымен олардың маңызды екендігін мойындау;

2) мұқият ірікten алынған тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;

3) мәселелерді модельдеу және оларды білім алушыларға түсінікті болатын жолмен шешу стратегиясының мысалдары;

4) ізденушілік тәлімдемеге және білім алушылардың зерттеулеріне негізделген белсенді оқытууды көтермелеу;

5) білім алушылардың сынни ойлау дағдыларын дамыту.

10. Бағдарламаны құрудың дифференцияланған тұғыры:

1) білім беру мазмұнын менгеру мүмкіндіктерінің бірдей еместігі түрінде көрініс табатын білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріледі. Бұл білім алушылардың типологиялық және жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламаның әртүрлі нұсқаларын, соның ішінде жеке оқу жоспары негізінде жасауды қарастырады;

2) пәнге оқытудың арнағы құрастырылған құралдары мен іс-әрекетті дифференциялау тәсілдері көмегімен білім алатын әртүрлі топтардың оқу ісін ұйымдастыруды қамтиды. Дифференцияланған жұмысты ұйымдастырудың шарты құрделілігі бойынша, танымдық қызығушылығы бойынша, мұғалім тарапынан көрсетілетін көмектің өзгешелігі бойынша ажыратылатын дифференцияланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

11. Жобалық тәсілдеме: жобалық іс-әрекет алгоритмі толығымен сақталады. Бөлімнің мазмұнымен таныстыру шенберінде ұжымдық/топтық жоба дайындау іс-әрекетін ұйымдастыру қарастырылады. Жобалық жұмыстар сабактағы сағаттармен шектелмейді, сабактан тыс қызметпен интеграциялау да қарастырылады.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану:

1) АКТ пайдаланудағы құзіреттілік базалық АКТ-дағдылар негізінде құрылады және технологияларды жұмыс, демалыс және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылық түрде қолдануды қамтиды;

2) білім алушылар АКТ бойынша дағдыларын білім алу барысында ақпаратты тауып, құрастырып және онымен жұмыс істей отырып, бірлесе жұмыс істегендегі ақпаратпен және идеялармен білісін отырып, өз жұмысын бағалап және содан соң оны жетілдіре отырып, жабдықтар мен қосымшалардың кең спектрін пайдалана отырып дамытады.

13. Қажет болған жағдайда сынып топтарға бөлінеді, өйткені бір сыныпта ауыр қозғалыс бұзылысы бар білім алушылар да, өз бетімен жүре алатын (соның ішінде әртүрлі тіреулер көмегімен) білім алушылар да бола алады.

14. Педагогтар педагогикалық тәсілдемелерді білім алушылар ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (пісіп жетілуіне) сәйкес, дерптің ауырлығы мен сипатына байланысты бақылап, өзгертіп отырады.

15. Қимыл жаттығуларын дифференцияланған тәсілдемемен тағайындау мақсатымен арнағы медициналық топқа жатқызылған білім алушыларды аурудың түріне қарай бөлу қарастырылады; мектеп дәрігерінің рұқсатымен дене жаттығуларынан уақытша босатуға болады.

16. ТҚАБ бар білім алушылар үш топқа бөлінеді:

1) ауыр бұзылыстары бар білім алушылар – бұл топтағы білім алушыларда заттарды қармау және қапсыра ұстай, жүру дағдысы қалыптаспаған (немесе ортопедиялық құрылғылар арқылы жүреді), өзіне-өзі күтім жасау дағдылары жартылай қалыптасқан;

2) орташа дәрежелі қымыл-қозғалыс бұзылыстары бар білім алушылар, олардың басым бөлігі шектеулі қашықтыққа өз бетімен жүре алады – олар өзіне-өзі күтім жасау дағдыларын менгерген, бірақ бұл дағдылары жеткіліксіз деңгейде автоматталған;

3) жеңіл қозғалыс бұзылыстары бар білім алушылар – өз бетімен жүреді, өзіне-өзі күтім жасау дағдыларын менгерген, бірақ кейбір қымылдарды дұрыс емес орындайды.

17. Дене шынықтыру мұғалімдері:

1) білім алушылардың қазіргі денсаулық жағдайы мен ауру түрлеріне сәйкес оларды топтарға бөледі;

2) білім алушының дене мүмкіндіктеріне қарай жаттыгулар тағайындаиды;

3) өзінің оқытуға, сабак беруге және бағалауға деген тәсілдемелерін дараландырады;

4) сабактарын медициналық білімі бар, сол білімін дене әрекетіне қатысты қолдана алатын мамандардың қолдауымен өткізеді.

18. Мұғалім үшін білім алушылардың дене дамуы мен дене дайындығын бақылау міндетті болып табылады, бұл білім алушылардың мектепке келген мерзімінен бастап оны бітіргенге дейінгі даму динамикасын қадағалауды қарастырады. Бастапқы және қорытынды диагностиканың талдау сызбаларын салыстыру танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттерінің өткен мерзімдегі қалыптасу динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

19. Дене шынықтыру сабактарында пәнаралық байланыс жүзеге асырылады. Бейімделген дене шынықтыру сабакы мен түзету циклі пәндерінің арасындағы байланыс ерекше маңызды болып табылады, өйткені ол білім алушылардың қоғамға әлеуметтік бейімделуі мен интеграциялануына тікелей дайындалуға мүмкіндік береді.

20. ТҚАБ бар білім алушылар үшін бүкіл оқу жопары барысында дене белсенділігімен оқытуға жағдай жасайтын үлкен кеңістік және көп құрылғылар қажеттігі қарастырылады. Бұларға әртүрлі ауқымды және пішінді қоғамдық және ойын алаңдары, ашық алаңдар, жабық ғимараттар кіреді.

21. Мектепте дене жаттыгуларын өткізуге қолайлы, кондиционирленетін (жақсы желдетілетін) бөлме-жай; ашық ауадағы әртүрлі алаңдар; жүзу бассейіні қарастырылады. Бөлме-жайлар, соның ішінде санитарлық тораптар кедергісіз қозғалуды қарастырады.

22. ТҚАБ бар білім алушылардың «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің білім беру аясын менгеруі қозғалыс дағдыларын музыкалық, ырғақтық және бейімдеуші спорт әрекеті барысындағы түзетуді қамтиды. Бұл үшін арнайы құралдар, әртүрлі музыкалық шығармалар жазылған фонотека болады.

23. Дене шынықтыру залдарының жабдықталуы әдеттегі қалыпты құрал-жабдықтармен де (мектептерді спорт залына арналған), әртүрлі даму бұзылысы бар білім алушыларға арнап арнайы бейімделген құрал-жабдықтармен де, соның ішінде тренажерлер, арнайы велосипедтер

(ортопедиялық құралдарымен) қамтамасыз етіледі. Сабақтардың тиімділігін арттыру үшін гимнастикалық (швед) қабырғалары, орындықтар, сәкілер, еңіс жазық тақтайлар, стол теннисіне арналған столдар, сатылар, баспалдақтар, ізді жолақтар, рельефті және қырлы жылжымалы тақтайлар, еңіс тақтайлар, кіші төсөніштер, тренажерлер, үрлемелі заттар болғаны дұрыс.

24. Әрбір нозология арнайы жабдықтар мен құралдарды талап етеді. Жұлын зақымдалғанда дene бөліктерін бекіту үшін белдіктер, кенеп таспалар, баулар, қол тартпалар, корсеттер қолданылады. Балалардың церебралдық салы кезінде қозғалуды жеңілдететін әртүрлі заманауи құрылғылар (әр бала үшін жеке дара) пайдаланылады.

25. Қозғалыс белсенділігін дамыту үшін шығарылған арнайы бейімделген (ассистивті) жабдықтар: степ-тақтай, балансир, Гросс тренажері, Фаэтон комбинезоны, текшелер, білікшелер, кегльдер, ұсақ моториканы дамытатын тренажерлер, әртүрлі өлшемді фитбол және су-джок доптары, релаксацияға арналған сенсорлық бөлме (жарық және қаранды), оқу қимыл дағдыларын компенсациялауға мүмкіндік беретін оңалту тренажерлері және құрылғылары.

26. АКТ пайдалану дene әрекеті мен жаттығуларды күштейтеді, алмастырады. Сандық технологиялар білім алушыларға жеке іс-әрекеті мен сабақтарының кестесін құрастыруда көмектеседі, қозғалыстың маңызын түсінуге септігін тигізеді.

27. Білім алушылар ақпаратты іздеу, құру және өндеу, оны жіберу, бағалау идеяларымен бөлісе отырып, өз жұмысын жетілдіру арқылы, жабдықтар мен аспаптардың ауқымды диапазонын қолдана отырып бүкіл оқу бағдарламасы барысында АКТ дағдыларын жетілдіреді.

28. Бағдарламаға:

1) АКТ «Бейімделген дene шынықтыру» бойынша теориялық және практикалық сабақтарда қолдану (видео, презентациялар, графіктер, кестелер, өсу динамикасы);

2) өзін-өзі бағлау техникаларын үйрету мақсатымен фото және видеоматериалдарды пайдалану;

3) қозғалыс әрекеттерін талдауда және бағалауда, өлшеуде және жақсартуда көмек көрсету;

4) АКТ (ғаламторды) «Бейімделген дene шынықтыру» саласындағы өзара іс-әрекет жасаудың, ынтымақтастықтың, контент құрудың, ақпаратты іздең, оған қол жеткізудің негізгі құралы ретінде пайдалану қосылған.

3 - тарау. «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

29. «Бейімделген дene шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;

2) 6 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;

- 3) 7 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 4) 8 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 5) 9 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 6) 10 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты құрайды.

30. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша бөлінген. Бөлімдер әріде сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі білім алушылардың оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген: дағды және икем, білім және түсінү.

31. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) қозғалыс әрекеті;
- 2) шығармашылық қабілеттері және сынни тұрғыдан ойлау;
- 3) денсаулық және салауатты өмір салты.

32. «Қозғалыс әрекеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) спорттық-спецификалық қымыл әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдік, ептілікті бақылау және түзету;

2) негізгі қымыл дағдыларын түзету: Тірек-қозғалыс аппараты, дене мен нысанды басқару;

3) әртүрлі дene жаттығулары кезінде қымыл комбинациялары мен олардың реті, дene және психологиялық кедергілерді женоу;

4) қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын дene жүктемелерін женоу қабілеті;

5) өз мүмкіндіктеріне саналы түрде қарай отырып, спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қымыл дағдылары мен ретін қыстыру;

6) қымыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін бағалау;

7) қозғалыс қабілеттерін жақсарту мен түзетуге арналған бірқатар дene жаттығуларында тактикаларды, стратегияларды және құрылымдық идеяларды қолдану және бағалау;

8) қымыл белсенділігімен байланысты қындықтарды женоу, қауіпке төтеп беру дағдылары.

33. «Шығармашылық қабілеттері және сынни тұрғыдан ойлау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) қымыл-қозғалыспен байланысты алған білімін өзгергіш жағдайларға сый әрекет жасау үшін бейімдеу;

2) көшбасшылық дағдылары, командада жұмыс істеу дағдылары, өзінің тұлғалық қасиеттерін жақсартуға деген ықыласы;

3) қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеу дағдыларын көрсету;

4) ағзадағы мүшелер мен жүйелердің сақталған қызметін пайдалану;

5) дene жаттығулары шенберінде іс-әрекетті оңтайландыру мен баламаларды құрастыруға арналған ережелер мен құрылымдық тәсілдер және өз дene қызметін басқарудың қол жетімді әдістерін менгеру;

6) өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттері және оларға баға бере отырып, баламалы шешімдер ұсыну;

7) жарыс қызыметінің ережелері мен төрешілік ережелері;

8) жарыс кезіндегі шыншыл ойынды, отансүйгіштікті, ынтымақтастықты паш ететін мінез-құлышы;

9) қымыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты рөлдер және олардың айырмашылықтары.

34. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) өз денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімін қалыптастыру;

2) ағзадағы дene өзгерістерін қадағалау, ағзаны емдеу мен сауықтыру үшін жағымды түзете-дамыту жағдайларын жасау;

3) ТҚАБ және денсаулық жағдайында тұрақты бұзылыстар бар білім алушылардың өмір сүру қабілетін қалыптастыру;

4) дene және психомоторлық аутқулар ескерілетін ширату жаттығулары мен қалпына келтіру техникалары;

5) әртүрлі дene жүктемесін беретін жаттығулар, олардың ағзаға әсері және өзінің дene мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;

6) қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дene жүктемелері кезіндегі қауіптерді басқару стратегиялары;

7) дene жаттығулары бойынша тәжірибелі байытуға бағытталған білім мен дағдылар.

35. 5-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жеңіл атлетика. Сабактардағы қауіпсіздік техникасы. Дене жаттығуларының тазалығы; оқу күн тәртібіндегі іс-шаралар. Ортопедиялық тәртіпті сақтау қажеттілігі туралы мәлімет. Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту. Кедергілерден аттап өту жүрісі. 2-3 кедергіні аттап өту арқылы журу. Белгілі бір қарқында кедергілерден аттап өту жүрісі (есеппен, шапалақпен);

2) гимнастика. Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Гимнастикалық құрылулар және қайта құрулар. Бір қатардан екі қатарға сап түзеп тұру: бір, екі, үш, төрт сапқа дейін қатар түзеп тұру. Сап бойынша бір, екі, үшке саналу. Бір-бірден жедел тұрде бір қатарға тұру. Жалпы дамытушы (түзеу) жаттығулары. Заттарсыз жаттығулар. Таянып отырудан таянып жатуға өту және сосын қайта таянып отыру. Тепе-тендікті сақтай отырып, қолды әртүрлі жағдайға қоя отырып, жартылай отыру (алдыға қою, белге қою, басқа қою). Алға қарай әртүрлі қадамдар жасау. Тұрган күйде 90-180 градуста бұрылыстар жасау. Адамдардың өзара қол ұстаса отырып, адамдардың бірге жүруі. Жүкті көтеру және түсіру (250-500 грамм). Бір жаққа қарай қосалқы қадамдар жасау. Гимнастикалық қабырға жанында жартылай

отырып жаттығулар жасау және қос сау аяқтарға жасау. Сымбатты түзеуге арналған жаттығулар. Гантельмен жатып жалпы бекітуші жаттығулар жасау (500 гр). Баста жеңіл жүкті ұстап тұрумен кедергілерді аттап өту (200-250 гр); Арас және қарапайым орындалатын асылып тұру және сүйеніп жасау жаттығулары. Түрлі қалыпта жасаланатын тірек жаттығулары: жатып, бүгіліп, жасалатын жаттығулар. Қарапайым тірек жаттығулар: сүйене отырып жүру, тұрыс өзгерістері (айналымсыз). Ілініп тұрып тартылу. Акробатика. Артқа және алдыға қарай аударылып тұсу. Жатып тұрып белді көтеру (біреудің көмегімен). Толтырылмалы доппен жаттығу жасау (1-2 кг). Қолды кеуде тұзы шамасында ұстап допты бастан асырып лақтыру, оны төменгі тұстан қағып алу. Допты жоғарыға лақтыру және оны қағып алу. Кеудені әртүрлі жағдайда ұстau және допты әртүрлі жағдайда қолымен ұстau. Отырган күйі допты аяқпен домалату. Ішпен жатқан күйі допты бір-біріне домалату. Шенберде доппен жаттығулар жасау, қатарда тұрып допты алдыға, артқа беру. Бұлшықеттің негізгі топтарында бойынша доппен жатып жаттығулар жасау. Гимнастикалық таяқпен жаттығулар жасау. Көлденен жағдайдан тік жағдайға қайта оралатын таяқ жағдайы. Кеуде мен аяқ қозғалысындағы таяқ қозғалысын біріктіру. Гимнастикалық қабырғада жасалатын жаттығулар. Кеуде, бел, деңгейіндегі рейканы ұстай отырып, алдыға еңкею. Бір қолымен рейканы ұстай отырып, қабырғаға бір жақпен тұрып оң жаққа еңкею. Кеуде, бел, деңгейіндегі рейканы ұстай отырып, қабырғаға артпен тұрып, кеудені бұгу. Кеуде, бел, деңгейіндегі рейканы ұстай отырып, аяқты артқа жазу. Бір қолымен рейканы ұстай отырып, қабырғаға бір жақ қырымен тұрып аяқты артқа қозғалту. Ауру ерекшеліктері бойынша заттармен Фитбол-доппен жаттығуларының кешені;

3) ұлттық және танымдық ойындар. Ұлттық және танымдық ойын сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері (тандау бойынша). «Тоғыз құмалақ», Асық-ату ұлттық ойындары. Ұсақ моториктерге арналған жаттығулар. Аутотренинг формуласымен босаңсыту, аз қозғалатын ойындар кезінде өз дenesін басқара алу, дұрыс емес жағдайды түзету тәсілдері. Жарыс ережелері. Координациялық қабілетті дамыту үшін қозғалыс ойындарын жүзеге асыру. Бұзылыстардың алдын-алу және негізгі дene қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешені. Дене жаттығуларын дамыту деңгейін бағалау;

4) шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы. Мектептің материалдық базасы мен ауа-райы жағдайына байланысты шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы бойынша бағдарламалық материал бағдарламалық материалдың өзге түрлеріне кететін уақытты арттыру немесе қысқарту есебінен арттыру немесе азайту қарастырылады Шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Шыңғы дайындығы. Шаңғы жабдықтарын сабакқа дайындау. Сабакқа өту орнына өту және кері қайту. Шаңғымен қозғалу кезіндегі жарақаттар мен ұсудің алдын-алу ережелері. Қозғалыс тәсілдері. Ауысып келетін қадамдық жүрістер, бір қадамдық және баяу жүрістер: қиғаш түрде көтерілу; «соқамен» тарту; бұрылыстар. Білім алушылардың мумкіндігі бойынша қашықтыққа қозғалу тәсілдерін қолдану. Коньки дайындығы.

Сырғанақта сырғанау және жүгіру ережелері. Сырғанақта коңкимен сырғанау ережелері. Қозғалыс координациясы, коңкиді теуіп көру. Тепе-тәндік қозғалыстарына жаттығу жасау (бір немесе екі коңкиде, қолды әртүрлі жағдайда ұстау). Топтық жаттығулар – сапта, үштікте, қосарланған кездегі, топта бірге жүру. Білім алушылардың мүмкіндігі бойынша қашықтыққа қозғалу тәсілдерін қолдану. Жаяу жүгіру дайындығы. Жаяу жүгіру бойынша қашықтыққа жүгіру кезінде қозғалыс техникасын игеру; кедергілерден өту техникасын игеру; төзімділікті дамыту; қозғалыс мүмкіндіктері бойынша кедергілерден өту. Жылдамды, төзімділікті дамыту және түзеу қабілеттеріне арналған жаттығулар кешені; жергілікті жерлермен жүгіруді жетілдіру, қозғалыс мүмкіндіктері бойынша кедергілерден өту. Жүгіру жаттығуларын орындау техникасы, оны өздігінен игеру, игеру барысындағы қателіктерді анықтау және жою. Дене қасиеттерін дамытуға арналған жүгіру жаттығулары, дене жаттығуларының жекелей тәртібі. Ұжымдық сабактар барысында серіктестермен өзара әрекет өту. Түзеу қабілеттеріне арналған және жылдамдық пен төзімділікті дамытатын жаттығулар кешені;

5) қозғалыс және спорттық ойындар. Мектептің материалдық базасы мен ауа-райы жағдайына байланысты спорттық ойындар (таңдау бойынша) бойынша бағдарламалық материал бағдарламалық материалдың өзге түрлеріне кететін уақытты арттыру немесе қысқарту есебінен арттыруды немесе азайтуды қарастырады. Өрмелеву эстафеталары. Қозғалыс ойындары. «допты айналдыра қуу», «допты бермей ала қашу», «капитанға доп беру», «бекіністі қорғау». Спорттық ойындар. Зерделенеген спорттық ойындардың қозғалыс техникасының игерілген элементтерінен комбинация. Ойынды қарапайым ережелер бойынша ойнау. Ойыншылардың шектеулі сандармен байланысты ойындар мен ойын жаттығулары (2:2, 2:3, 3:3). Зерделеген тәсілдерді жетілдіру. Оқытушы ойындар.

36. 6-сыныпқа арналған ««Бейімделген дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) женіл атлетика. Женіл атлетика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы. Дене жаттығуларының тазалығы: оқу күн тәртібіндегі іс-шаралар. Жүру арқылы кедергілерден өту (орындық, үрлемелі доп, гимнастикалық таяқ). 2-3 кедергілерді аттап өту. Берілген қарқында кедергілерді аттап өту (есеппен, шапалақпен). Лақтыру. Кішкентай допты бір орында тұрып иықтан асырып алышқа лақтыру. 1,5-2 кг. болатын толтырылған допты итеру. Гранатаны алышқа лақтыру, кішкентай допты нысанаға тигізу;

2) гимнастика және фитнес. Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы. Жүру кезіндегі жасалатын саптық жаттығулар. Команда бойынша жылдамдықтың өзгеруі. Команда бойынша бұрылыштар мен қозғалыстар. Аяқ және қол қозғалыстарын үйлестіре отырып жүру, қол қозғалыстары – белде, иықта, арқада, басқа қою, жан-жаққа жіберу, жоғарыға көтеру, қолда әртүрлі заттарды (гимнастикалық таяқ, доп, ілгек) ұстай отырып, кедергілерді (гимнастикалық орындақтар, үрлемелі доптар) аттап өту, бір жақ қырымен

жүру (қосымша адымдар жасау) және 15-25 м. қашықтықта дыбыстық белгі берілетін артпен жүру. Бас, қол, кеуде, аяқтың негізгі қызметтері мен қозғалыстары (пәндермен және пәндерсіз). Сермеулер: жаттығулар гимнастикалық немесе өзге тірек жанында бір жақ қырымен тұрған жағдайда орындалады. Дұрыс сымбатты қалыптастыруға арналған жаттығулар. Тұрған кезде тұрақтылықты сақтау. Қол қозғалысымен тербеліп тұрған жағдайдан бастапқы жағдайды ұстап тұру. басты алға, артқа, онға және солға бұру; басты онға және солға бұру. Басты айналдыру. Бір қолды және екі қолды алға, жанжакқа, артқа созу; бет және бір жақтағы беттегі қолды айналдыра қозғау; қолды бұгу және жазу. Иықты көтеру және түсіру. Бөлу және біріктіру. Иықты айналдыра қозғау. Таяқпен жаттығулар жасау (таяқты бастан жоғары көтеру, қалақшаларда, шынтақ бүгілісінің артында, тік қолдардың астынада және артында). Тұрған, отырған күйі, ерікті тәсілдермен тығыздалған допты лақтыру және қағып алу, ауыстыру. Тығыздалған доптармен жаттығулар жасау (салмағы 1,5 – 2 кг.). Тығыздалған допты бір қолымен иықтан, арқамен беру. Арқамен, ішпен жатқан күйі тығыздалған допты лақтыру (бір қолмен, екі қолмен). Гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар. Бел, жамбас деңгейіндегі рейкіге сүйене отырып, сүйеніп тұрып қолды бұгу және жазу. Бір қолдың көмегімен гимнастикалық қабырғамен өрмелей (жоғары, төмен). Гимнастикалық қабырғаға арқамен тұрып, оған сүйенген күйі бір уақытта және ауысқан күйі аяқты бұгу және жазу, орындықта отырып аяқты бұгу және жазу, орындықта отырып, аяқты бұгу және бүктеу және оларды ауыстырып отыру, орындықта отырып артқа шалқаю (аяғын серіктесі ұстап отырады) қолдарын, белге, басына қою;

3) ұлттық және танымдық ойындар. Қазақстанның ұлттық қозғалыс ойындарымен танысу. Ұлттық қозғалыс ойындары негізіндегі буынның қозғалмалылығы, дene сапаларын дамыту. Ұлттық және танымдық ойын сабактарындағы ұауіпсіздік техникасы ережелері (тандau бойынша). «Тоғыз құмалақ», «Асық-ату» ұлттық ойындары. Ұсақ моториктерге арналған жаттығулар. Аутотренинг формуласымен босаңсыту, аз қозғалатын ойындар кезінде өз денесін басқара алу, дұрыс емес жағдайды түзету тәсілдері. Жарыс ережелері, жарыс кезіндегі серіктестік. Ұлттық ойындардағы тәсілдерді орындау техникасы. Координациялық қабілетті дамытуға арналған қозғалыстық ойындар. Төзімділік және жылдамдықты дамытуға арналған қозғалыс ойындары мен жаттығулар. Негізгі дene сапаларын дамыту арналған жаттығулар кешені және түзеу бұзылыстарының алдын-алу. Дене қасиеттерін дамыту деңгейін бағалау; координациялық қабілетті дамыту үшін қозғалыс ойындарын жүзеге асыру. Бұзылыстардың алдын-алу және негізгі дene қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешені. Дене жаттығуларын дамыту деңгейін бағалау;

4) шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы. Мектептің материалдық базасы мен ауа-райы жағдайына байланысты шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы бойынша бағдарламалық материал бағдарламалық материалдың өзге түрлеріне

кететін уақытты арттыру немесе қысқарту есебінен арттыруды немесе азайтуды қарастырады. Шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Шыңғы дайындығы. Шаңғы тебу сабактарындағы қауіпсіздік ережелері. Қысқа адымдап жүргүзу қозғалысын игеру. Жүрісті зерделеу сәтті түрде жүзеге асады. Баяу, қысқа адымдап жүргүрді үйлестіру қол жеткізе отырып, мұғалім білім алушының келесі қателіктеріне көніл аударады: аяқпен әлсіз түрде дүмпулер жасау, әртүрлі қадамдар жасай алу, алға жүрген кезде қарды аяқпен сермеуді алдын-ала көрсету, таяқты алға жіберген кезде оны алдын-ала қою үйлесімділігінің бұзылуы. Білім алушылардың мүмкіндігі бойынша қашықтыққа қозғалудың игерілген тәсілдерін қолдану. Коңыки дайындығы. Сырғанақта жүгіру және сырғанау ережелері. Коңыкide сырғанаудың техникалық тәсілдері. Білім алушылардың мүмкіндігі бойынша қашықтыққа сырғанаудың зерделенген тәсілдерін қолдану. Жаяу жүгіру дайындығы. Жүгіру жаттығуларын орындау техникасы. Дене қасиеттерін дамтыуға арналған жүгіру жаттығулары. Дене жүктемесінің жекелей тәртібі. Ұжымдық сабактар процесіндегі серіктестермен өзара әрекет жасау. Жылдамдық пен тезімділікті дамыту және түзетуге бағытталған жаттығулар кешені;

5) қозғалыс және спорттық ойындар. Сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша топтық жаттығулар. Статусы мен мазмұны бойынша рөлдік, коммуникативтік, психогимнастикалық ойындар. Жекелей тапмсырмаларды орындауға байланысты жаттығулардағы нақтылық, бақылау және маневр. Шығармашылық рөлдік сюжеттермен ойнау. Заттармен қозғалыс жасаудаға қосарлы жаттығулар. Жекелей қозғалыс қабілеті, маңызды қозғалыс дағдылары мен машықтарын дамытуға арналған дене жаттығулары. Сюжеттік ойындар. «Мақсатқа дәл тигізу», «Доп үшін күрес», «жеңіл және дәл көздеушілер», «допты көзде», «бекіністі қорғау», «Таяқпен қорғау» қозғалыс ойындары мен эстафеталары, өрмелеу арқылы кедергілерден өту, дәл көздеу, гимнастикалық қабырғада жаттығулар жасау және таңдау бойынша спорттық ойындар. Баскетбол. Допты бір қолымен иықтан асырып беру. Допты бір қолымен себетке иықтан асыра салу. Ойыншыны ұстап тұру үшін орынды таңдау (доппен және допсыз). Зерделенген тәсілдерді оқыту ойындарында жеңілдетілген ережелерімен пайдалану. Ойыншының алдыға, артқа, онға, солға қарай қозғалуы. Допты ұстағаннан кейін оны әрі қарай алыш кету, онымен ойнау. Тәсілдерді үйлестіру: қозғалыстағы ұстau тәсілдері – жүргізу – иықтан асырып себетке салу. Жеңілдетілген ережелер бойынша ойыншыны ұстau бойынша орынға таңдау жасау. Футбол. Баяу қарқында допты жүргізу, ирелең, дога жолмен жүргізу. Дөңгеленген допты аяқпен тоқтату. Жеңілдетілген ережелер бойынша ойын. Волейбол (салютбол). Қадамдар жасай отырып қозғалу. Допты жоғары жақтан, екі қолымен, алға қарай беріп жіберу. Допты асты жақтан екі қолымен қабылдап алу немесе екі қолымен қағып алу.

37. 7-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жеңіл атлетика. Жеңіл атлетика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы. Дене жаттығуларының тазалығы: оку күн тәртібіндегі іс-шаралар. Ортопедиялық тәртіпті сақтандыру қажеттілігі туралы мәліметтер. Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту. Бір орында тұрып секірген кездегі аяқ, қол қозғалысының техникасы. Екпінмен 7-9 қадам жасау. Жерге тұсу. «арқадан иық арқылы лақтыру» тәсілімен үш қадам жасап әртүрлі жеңіл заттар мен кішкентай доптарды лақтыру. Кішкентай допты қабырғаға лақтыру;

2) гимнастика. Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Гимнастикалық құрылулар және қайта құрулар. Жалпы дамытушы (түзеу) жаттығулары. Заттарсыз жаттығулар. Таянып отырудан таянып жатуға өту және сосын қайта таянып отыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, қолды әртүрлі жағдайға қоя отырып, жартылай отыру (алдыға қою, белге қою, басқа қою) Алға қарай әртүрлі қадамдар жасау. Тұрған күйде 90-180 градуста бұрылыштар жасау. Бір жаққа қарай қосалқы қадамдар жасау. Гимнастикалық қабырға жанында жартылай отырып жаттығулар жасау және қос сау аяқтарға жасау. Сымбатты түзеуге арналған жаттығулар. Арасынан және қаралатын асылып тұру және сүйеніп жасау жаттығулары. Түрлі қалыпта жасаланатын тірек жаттығулар: жатып, бүгіліп, жасалатын жаттығулар. Қаралатын тірек жаттығулар: сүйене отырып жүру, тұрыс өзгерістері (айналымсыз). Ілініп тұрып тартылу. Акробатика. Артқа және алдыға қарай аударылып тұсу. Жатып тұрып белді көтеру (көмекпен). Толтырылмалы доппен жаттығу жасау. Әртүрлі жағдайда кеудені алдыға ию және доппен қол жаттығуларын жасау. Толтырылмалы топты дөңгелету. Доппен жаттығу жасау, таяқпен гимнастика жасау. Гимнастикалық қабырғада жаттығу жасау. Еңкею, кеудені майыстыру жаттығулары. Ауру ерекшеліктері бойынша заттармен Фитбол-доппен жаттығуларының кешені;

3) ұлттық және танымдық ойындар. Ұлттық және танымдық ойын сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері (тандау бойынша). Национальные игры «Тоғыз құмалақ», «Асық-ату» ұлттық ойындары. Ұсақ моториктерге арналған жаттығулар. Аутотренинг формуласымен босансыту, аз қозғалатын ойындар кезінде өз деңесін басқара алу, дұрыс емес жағдайды түзету тәсілдері. Жарыс ережелері. Координациялық қабілетті дамыту үшін қозғалыс ойындарын жүзеге асыру. Бұзылыштардың алдын-алу және негізгі дене қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешені. Дене жаттығуларын дамыту деңгейін бағалау;

4) шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы. Мектептің материалдық базасы мен ауа-райы жағдайына байланысты шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы бойынша бағдарламалық материал бағдарламалық материалдың өзге түрлеріне кететін уақытты арттыру немесе қысқарту есебінен арттыруды немесе азайтуды қарастырады. Шаңғы/жаяу жарыс/коңыки дайындығы сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Шыңғы дайындығы. Шаңғы жабдықтарын сабакқа дайындау. Коңыки дайындығы. Сырғанақта сырғанау және жүгіру ережелері. Сырғанақта коңкимен сырғанау ережелері. Қозғалыс

координациясы, коңқиді теуіп көру. Тепе-теңдік қозғалыстарына жаттығу жасау (бір немесе екі коңқиде, қолды әртүрлі жағдайда ұстау). Жаяу жүгіру дайындығы. Жаяу жүгіру бойынша қашықтыққа жүгіру кезінде қозғалыс техникасын игеру; кедергілерден өту техникасын игеру; төзімділікті дамыту; қозғалыс мүмкіндіктері бойынша кедергілерден өту. Жылдамды, төзімділікті дамыту және түзеу қабілеттеріне арналған жаттығулар кешені;

5) қозғалыс және спорттық ойындар. Мектептің материалдық базасы мен ауа-райы жағдайына байланысты спорттық ойындар (таңдау бойынша) бойынша бағдарламалық материал бағдарламалық материалдың өзге түрлеріне кететін уақытты арттыру немесе қысқарту есебінен арттыруды немесе азайтуды қарастырады. Қозғалыс ойындары. Спорттық ойындар. Спорттық ойындар сабағында оқытындардың қауіпсіздік ережелері. Кеңістіктік түсінікті қалыптастыруыш жаттығулар. Ойындардағы алдайтын қозғалыстар (баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, флорбол). Спорттық ойын сабактарындағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Спорттың таңдалынып алғынған түрі бойынша негізгі ойын тәсілдерінің техникасы. Зерделенеген спорттық ойындардың қозғалыс техникасының игерілген элементтерінен комбинация. Ойынды қарапайым ережелер бойынша ойнау. Игерілген тәсілдерді жетілдіру. Оқытушы ойындар.

38. 8-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) женіл атлетика. Дене жаттығуларының мектеп білім алушыларның денсаулығы мен дамуына ықпал туралы негізгі мәліметтер. Дене жаттығуларының негізгі түрлерінің организм өсуі мен дамуына ықпалы. Дене жаттығуларының әлсіреген бұлшықеттердің жоғары қызметтік жағдайына ықпалы, қосалқы қозғалыстарға ие болу, жылдамдық пен шапшандықты дамыту;

2) гимнастика және фитнес. Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы. Белгілі бір заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы (түзетуші жаттығулар) жаттығулар жасау. Онға, солға, айналу (жекелей) арқылы қозғалыс бағыттарын өзгерту. Мұғалімнің бақылауымен заттармен ерікті жаттығулар орындау қабілеттері мен дағдылары. Қолды тіктеу және бұту арқылы созу (гантельдер, таяқтар, доптар). Қосымша теңселулермен кеудені алға, артқа және жан-жаққа ию. Аяқты алдыға, артқа және жан-жаққа сермеу. Қозғалыс жасай отырып, алға және артқа қарай теңселеу (жекелей). Кеуде, аяқ, қол қозғалыстарын біріктіруді қамтыған гимнастикалық таяқтармен жаттығулар жасау. Шалқасынан жатып, қолын көкірек тұсына қою – жамбасты көтермesten кеудені алға қарай көтеру. Жатқан күйі таяну – аяқты ауыстыра отырып көтеру. Тепе-теңдіктегі жаттығулар. Гимнастикалық орындықта қадамдар жасау арқылы қозғалу (жекелей). Еңіс орындықтарда жүру. Бір аяқта тұрып бұрылу (180 градус). Бір жақ қырымен (бір қолымен) жатып бір жақтағы аяқ пен қолын еркін қозғалту. Алдыға және арқа қарай қозғалу, гимнастикалық орындықта бір жақ қырымен туру, аяқ, қол, кеудемен қосалқы қозғалыстар жасау. Гимнастика

орындығының тақтасымен қозғалу және серіктеске допты лақтыру. Кездескен кезде жан-жаққа таралып кететін қол ұстасқан шағын топ еденнен заттарды ала отырып жүруі. Гимнастикалық орындықта төрт аяқпен алдыға және артқа жүру. Аяқпен асылып тұру. Қолды біріктіру арқылы оны алға және артқа қарай сермеу. Гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар. Тізе деңгейіндегі рейкіге аяқты сүйей отырып отырып тұру. еденде жатып, аяқтарын ағашқа сүйей отырып, қолдарын бұгу және жазу (ұл балалар), кеудені көтеру (қолды әртүрлі жағдайларда ұстай). Қабырғаға қарап асылып тұру – аяқты артқа созу (бірге). Жерге отыру, қолды иыққа қою, аяқты рейкіге қою – жату және отыру. Иық деңгейіндегі рейканы алып, қабырғаға қарап тұру – аяқты жамбасқа дейін көтеріп, рейкіге қою, өзгесін еденге дейін түсіру. Бірінші рейкіге тұрып, қолды кеуде тұсына қою – рейкіні ұстап тұрып төменге түсіру, еденге отыру. Бірінші рейкіде тұрып, қабырғаға қарап тұру - қолды кеуде тұсына қою – қолды тез төмен түсіру, шапалақтау (алды жақта, басының үстіне, артқы жақта), қайтадан рейканы қолға алу. Гимнастикалық орындықтағы жаттығулар. Отырып, аяқты алдыға жіберіп кеудені серіктесімен бірге артқа жіберу. Орындықта отырып, аяқты айналдыра қозғалту. Орындықта жатып қолды бұгу және созу, кеудені әртүрлі жағдайда бұру, кеудені алға және арқа қарай еңкейту, қолды белге қою, иыққа қою, басқа қою. Өрмелеву және қайта өрмелеп шығу. 2 метрге дейінгі кедергілердің алын-алу. Аяқ-қол көмегімен (бір қолдың көмегімен) еңкіш баспалдақпен өрмелеву. Бір снарядтан өзге снарядқа шығу (ағаш, гимнастикалық орындық, гимнастикалық баспалдақ). баспалдақтың төменгі жағынан жоғары жағына қарай өрмелеву; фитнес компоненттерін дамыту: жылдамдық пен шыдамдылық. Организмнің жалпы жағдайына оң ықпал етуші жаттығулар кешені. Фитнестің әртүрлі бағыттарындағы жалпы дамытушы жаттығулар кешені: жеңіл атлетика қызметіне қажетті білім алушылардың төзімділігі, серпімділігі және одан көп қабілеттеріне бағытталған ритмикалық гимнастика, аэробика жаттығулары, степ - аэробика, стретчинга, би-ойын гимнастикасы, емдік-профилактикалық би элементтері;

3) ұлттық және танымдық ойындар. Қозғалыс қабілетін түзеу және жақсартуға арналған дene жаттығуларын пайдаланудағы техника, тактика және композициялық идеялар. Ұлттық қозғалыс ойындары «Асық ату», «Бес тас». Алдында зерделенген ойындар жарысының техникасы мен ережелерін жетілдіру. Киіз үйді тұрғызуға арналған қозғалыс әрекеттерін пайдалану. Дене жаттығулар сабағының жекелей жоспарын құру (ұлғі бойынша), сабактың негізгі бөліктерін бөліп көрсету, оның бағыты мен мазмұнын анықтау. Дене дайындығының жекелей көрсеткіштерін өздігінен бақылау (жекелей сапаларды өздігінен тестілеу);

4) шаңғы/жаяу жүгіріс/коңыки тебу дайындығы. Шаңғы тебу: ауыспалы екі қадамдық жүріс; бір уақытта жасалатын бірқадамдық жүріс; біруақытта жасалатын жүріс; бір тәсілден екінші тәсілге өту арқылы жасалатын жүрістерді ауыстыру қозғалысы (қадамсыз өту, қадам арқылы өту, екі қадамнан кейін өту, тікелей өту, таяқпен итеру арқылы қозғалу); шаңғымен шағын кедергілерді

кесіп өту; шаңғымен кедергілерді аттап өту; биік жерлер, ылдилар, бұрылыстар, тежелулер: аттап өтетін кедергілер; сатылармен көтерілу; шыршалы көтерілулер; жартылай шыршалы көтерілулер; дөңестер мен ойпаттарды, шағын трамплиндерді бағындыра отырып, негізгі және төменгі еңіс бойынша құлдырау; тік құламадан тұсу; шаңғы қадағымен тежеу; тірек арқылы тежеу; бір жақпен сырғанау арқылы тежеу; таяну арқылы тежелу. Коньки жүрісі 3 км. дейін оқыту қашықтығын бағындыру; Жаяу жүргүте дайындық. Арнайы дene жаттығулары мен техникасын бекітуге арналған жаттығулар, жерге тұсуде кедергілерден аттап өту және секіріп өту және тепе-тендікті сактау, дөңестер мен еңістерді адымдап, жүгіріп өту (мүмкіндігінше), жаяу жүгіру;

5) қозғалыс және спорттық ойындар. Дене жаттығулары (ашық спорттық алаңдар және спортзал жағдайында), дербес түрде өтетін сауықтырушы дene мәдениеті сабактарын киімдері мен құралдарына таңдау жасау, сабак өтетін орындарды дайындау кезіндегі қауіпсіздік және тазалық ережелерінің талаптары. Тірек-қимыл аппаратын дамытуға арналған спорттық ойындар мен эстафеталар элементтерімне жаттығулар жасау. Спорттық ойындар. Спорттық ойындар сабактарындағы білім алушылардың қауіпсіздік техникасы. Кеңістіктік түсініктерді қалыптастырушы жаттығулар. Спорттық ойындар сабактарындағы қауіпсіздік техникасының ережелері. Спорттың тандалынып алғынған түрінің негізгі ойын тәсілдеріндегі техника (баскетбол, волейбол (отырған түрдегі волейбол), гандбол, футбол, флорбол). Зерделенген спорттық ойындары қозғалыстары техникаларының игерілген элементтерінен жасалған комбинациялар. Ойынның қарапайым ережелері. Зерделенген тәсілдерді жетілдіру. Негізгі ережелерді сақтаумен немесе ережелері жеңілдетілген спорт түрлері бойынша тандалынып алғынған элементтерге ие оқу ойындары (ережелердегі ауытқушылықтарға жол беріледі). Футбол. Доп бойынша негізгі соққылар. Допты тоқтату. Аяқтың ішкі жағымен допты айналдыру және ондағы қозғалыс қарқыны мен бағыты. Ережелері жеңілдетілген оқу ойындары.

39. 9-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жеңіл атлетика. Дене жаттығуларының әлсіз бұлышықеттердің қызметіне әсері, компенсаторлық қозғалыстарға ие болу, жылдамдық пен шапшаңдықты дамыту. Жүгіру жаттығулары: алыс, орташа, қысқа қашықтыққа жүгіру (қозғалыс мүмкіндіктері бойынша); жоғарғы старт; төменгі старт; жоғарғы стартты жылдамдату; спринтерлік жүгіру; оқу қашықтығы бойынша бірқылапты жүгіру (қашықтықтың ұзақтығы мұғалім немесе білім алушымен реттеледі); эстафеталық жүгіру; кедергілерді бағындыра жүгіру. Секіру жаттығулары: «аяқты бұгу» тәсілі арқылы қашықтыққа жүгіріп отыру секіру; «қадамдау» тәсілі арқылы жүгіріп отырып биіктікке секіру; «бұғілу» тәсілі арқылы жүгіре отырып, қашықтыққа секіру. Жүгіру жаттығулары: алыс, орташа, қысқа қашықтыққа жүгіру (қозғалыс мүмкіндіктері бойынша); жоғарғы старт; төменгі старт; жоғарғы стартты жылдамдату; спринтерлік жүгіру; оқу қашықтығы бойынша бірқылапты жүгіру (қашықтықтың ұзақтығы мұғалім

немесе білім алушымен реттеледі); эстафеталық жүгіру; кедергілерді бағындыра жүгіру; жаяу жүгіру. Секіру жаттығулары: «аяқты бұгу» тәсілі арқылы қашықтыққа жүгіріп отыру секіру; «қадамдау» тәсілі арқылы жүгіріп отырып биіктікке секіру; «бүгілу» тәсілі арқылы жүгіре отырып, қашықтыққа секіру. Шағын допты лақтыру жаттығулары: бір орында тұрып шағын допты тұрақты нысанана дәлдеп лақтыру; шағын допты қозғалып тұрған нысанана лақтыру; шағын топты қозғалыстағы (ұшып бара жатқан) нысанана лақтыру; шағын допты жүгіріп отырып қозғалып тұрған нысанана лақтыру; шағын допты жүгіріп отырып (ұш қадамға) алысқа лақтыру; гранатаны иықтан асырып, бір орында тұрып, қадамдар жасай отырып, тізерлей 10 метр болатын коридорда алысқа лақтыру. Ядроны, тасты, толтырылған допты екі қолмен (5 кг. дейін), орында тұрып бір қолымен лақтыру;

2) гимнастика және фитнес. Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік техникасы. Сауықтырушы гимнастика. Жалпы дамытушы жаттығулар (түзетуші). Буын мен бұлшықеттің белгілі бір топтарын жаттықтыруға арналған жаттығулар (қажет болған жағдайда жекелей). Сымбат пен тепе-тендік жаттығулары. Толтырылған доптармен жаттығулар жасау. Екі метрге дейін баратын биіктікегі кедергілерді жену. Кедергілер жолағын құру және және командалық жарыстар өткізу. Әртүрлі снарядтарға шығу, солар арқылы шығу, бір снарядтан см болатын екінші снарядқа әртүрлі тәсілдермен шығу. Жекелей бұлшықет топтарына күш түсіретін айналдыра жаттығу әдісімен орындалатын кешенді жаттығулар. Жарыса жүгіру және қосымша ауырлықсыз секірулер (әртүрлі бағытта, әртүрлі қозғалыс амплитудасында, әртүрлі бастапқы жағдайларда) біннеше дүркін секірістер, бір орында тұрып секіру. Атлетикалық гимнастика кешендері. Күш бағытындағы кедергілер жолағы (асылып тұрған кездегі қозғалыстар және сүйеніп тұрған кездегі қозғалыстар, ауырлық көтеріп төбеле жүгіру, әртүрлі формадағы секіру кезіндегі кедергілерден өту);

3) ұлттық және танымдық ойындар. Қозғалыс қабілетін түзеу және жақсартуға арналған дене жаттығуларын қолданудағы техника, тактика және композициялық идеялар. Тұлға денесі мен оның рухани жетілуіндегі ұлттық ойындардың рөлі. Ұлттық ойындар: «Білек сынасу», «Көтермек», «Қындық-сықдық», «Асықтар», «Күміс алу» және алдында айтылғандар. Дене дайындығы жекелей көрсеткішін өздігінен бақылау (дене қасиеттерін өздігінен тестіден өткізу);

4) шаңғы/жаяу жүрү/коңыки дайындығы. Шаңғы дайындығы. Зерделенген техниканы бекітуге бағытталған арнайы жаттығулар. Шаңғы жарысы техникасының элементтері, қашықтық бойынша күшті реттеу (мүмкіндіктері бойынша), көшбасшылық, айналып өту, мәреге жету. Жаяу жүрү дайындығы. Зерделенген техниканы бекітуге бағытталған арнайы жаттығулар. Жаяу жүрү бойынша жарыс тактикасының элементтері, қашықтықтағы күшті бөлу (мүмкіндіктері бойынша), көшбасшылылқ, айналып өту, мәреге жету;

5) қозғалыс және спорттық ойындар. Ойын-эстафеталарының нұсқаларын құрау үшін арнайы карточкаларда көрсетілген қозғалыстарды орындаумен

жүзеге асатын ойын тапсырмалары. Спорттық жабдықтар, спорттың таныс түрлері салынған кесілген картиналар, пазлдар жинау, кроссвордатр шешу әдістеріне қатысты дene шынықтыруға қатысты білімді жетілдіру. Спорттық тақырыптарға сәйкес құыршақпен қойылатын көріністер, спорттық қойылымдар қою. Қозғалыс, ұлттық және спорттық ойындар бойынша мұғалімнің бақылауымен спорттық жарыстарды дербес түрде өткізу. Спорттық ойындар бойынша жарыс ережелері. Білім алушылардың әртүрлі категориялары бойынша қазылық ету. Ойыншылардың шектеулі санына байланысты тапсырмалар. Ережеге сәйкес ойындар. Төрелік ету тәжірибесі.

40. 10-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

